

6D011100-Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Сәлғожа Индира Тойшыбекқызының «Сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, педагогика ғылымдарының кандидаты Б.Ғ. Бостановтың

ШІКІРІ

Сәлғожа Индира Тойшыбекқызының диссертациялық зерттеу жұмысы сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру мәселелеріне арналған.

Сабактан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасын пайдалану оқушылардың өзіндік әлеуметтік тәжірибесін жетілдіре отырып, оның рухани құндылықтарға негізделген білімдерін толықтыра түседі. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасын кеңінен қарастыра отырып, оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру оқушыларды тарихи-мәдени, тәрбиелеу және ғылыми тұрғыдан дамыту өзекті болып табылады.


Сәлғожа Индира Тойшыбекқызының диссертациясында сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың қазіргі жағдайына талдау жасалып, әл-Фарабидің математикалық мұрасындағы есептердің ерекшеліктері және олардың мектептегі заманауи білім берудегі рөлі анықталды. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың тиімді шарттары анықталды. Нәтижесінде, сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру әдістемесі жасалды.

Зерттеу нәтижелері болып табылатын әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың тиімділігі орта білім беру жүйелерінде эксперименттік тәжірибеден өткізіліп, оң нәтижеге қол жеткізілді.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша барлығы 17 ғылыми мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрді, олардың ішінде бір ғылыми мақаласы Scopus деректер қорына кіретін ғылыми журналда жарияланды.

Диссертанттың 6D011100-Информатика мамандығы бойынша «Сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру» тақырыбындағы жазылған диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Информатика және
білімді ақпараттандыру кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының кандидаты



Б.Ғ. Бостанов